



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

*Жамбыл Жабаев – қазақ халық поэзиясының әйгілі
тұлғасы*

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026



Жамбыл Жабаев (1846–1945)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

**Жамбыл Жабаев – қазақ халық поэзиясының әйгілі
тұлғасы**

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026

**ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Ж 40**

**Ж.Жабаевтың 180 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш/ бас. жауапты Жумабаев
Қ.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. - Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы,
2026.-37бет.**

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, ХХ ғасырдың Гомері, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаеттың туғанына 180 толуына арналып шығарылған.

Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді.

Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты

нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин.

Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жамбыл Жабайұлы (1846-1945) - қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Туған жері - Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері - Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі - Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы.

Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық - жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. М. Әуезовтың «қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері ХІХ ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды» деуінде үлкен тарихи себеп бар. Біріншіден, Қазақстанның өзге өңірлерін ертерек шарпыған отаршылдық ел ішінің дәстүрлі қалпына өктемдігін жүргізіп, шырқын бұзып үлгергенде, Жетісу алабы әзірше қағаберісте еді. Екіншіден, бұл өңірдің ертеден

тамырын тереңге жайған өнерпаздық дәстүрі шын мәнінде ХІХ ғасырдан бергі жерде айрықша биік өреге көтеріліп еді. Осы кезеңде Жетісуға сонау Арқадан ұлы Абайдың келуі, Біржан, Шашубай, балуан Шолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың келуі, Таластан - Жалайыр Түбектің келуі, оңтүстіктен - Майкөт пен Майлықожаның келуі, Атыраудан - Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең алдымен олардың алыстан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді.

Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен ақ таныла бастаған . Ол бозбала шағының өзінде ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алады. Мұнан әрі жал –

құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құланаян Құлманбет сияқты ақындықтың жылжыған жорға, жылмиған жүйріктерімен айтысқа түскен Жамбыл ұдайы шоқтығын асырып отырған. Бұлар ғана емес қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алады, ақындық өнерін одан әрі шыңдай түседі. Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылдары - бір жағынан, Қоқан хандығы - екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар - үшінші жағынан қазақ халқын

әлеуметтік саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмәрә тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлендерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақиық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын

жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі. 1945 жылы 22 маусымда Жамбыл дүние салды.

1946 жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Мерейтойына қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты. Жамбыл Жаббаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет

белгісі» ордендерімен марапатталған.

XX ғасыр Гомері

Бірде Жамбылдың ел арасында оның ақындық қабілетіне күмән келтіргісі келетіндер де табылған. Сонда орталық комитет жазушы Леонид Соболевті жағдайдың анық-қанығын білуге Ұзынағашқа жіберген. Жамбылдың жыршылығына таңқалған жазушы үш күн қасында болып, "жиырмамыншы ғасырдың Гомері" деп баға берген.

Жамбыл саналы ғұмырында Құлманбет, Досмағамбет, Сарыбас, Майкөт, Бақтыбай, Бөлтірік, Шашубай ақындармен айтысқан. Соның ішінде Айкүміспен айтысы қыз бен жігіт айтысының жақсы бір көрінісі. Жас күнінде Жамбыл ақын Сара, Айкүміс, Сайқал, Кәмшат қыздармен айтысқан. Жыр алыбы Жамбыл күйші Дина Нұрпейісовамен де жақын таныс болған. 1936 жылы танысып, таныстық соңы жақсы сыйластыққа ұласқан деген дерек бар.

Ақынның отты жырлары

Ақынның соғыс жылдары отан қорғау тақырыбына арнап жазған өлеңдері үш мың жолды құрайды. Әсіресе, "Ленинградтық өренім", "Москваға", "Майданға хат" сынды өлеңдері бар. Жамбыл ақын өмір мен өлім апаратынына түскен Кеңес жауынгерлеріне отты жырлары арқылы жігер беруге тырысты.

Жамбылдың ұлы Алғадай жат елде оққа ұшқан болатын. Ұлының қазасынан кейін "Жамбылдың Алғадайды жоқтауы" деген өлеңі шықты. Кей дерекке сәйкес, Алғадайдан ұрпақ тарап, бүгінде бүтін бір отбасы болып отыр.

Жамбыл өзінің алдындағы аға буын өкілі Сүйінбай ақынды өзіне пір тұтқан. Ал Кенен Әзірбаев Жамбыл Жабаевты тәлімгері деп таныған.

Жамбыл 1945 жылы 22 маусымда Алматы облысының Ұзынағаш елді мекенінде 99 жасында дүниеден өтті.

1946 жылы ақпанда Қазақстан халқы жыр алыбының жүз жылдық мерейтойын тойлады. Сол жылы ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы қазақ және орыс тілінде басылды.

Ақынның еңбегі

Жамбыл Қазақстан тарихында құрметті орын алады. Ол өз артында ерекше бағалы шығармашылық мұра қалдырды. Оның шығармашылығы ұлттық қана емес, әлемдік әдебиеттің жетістігі болып саналады. «...Ақынның шығармашылығы поэтикалық және әлеуметтік тақырып жағынан сан алуандығымен отандастарына ғана емес, одан тыс жерлердегі оқырмандарды да тәнті етті», - делінген бұрынғы және қазіргі ақындар мен ойшылдардың әдеби мұрасын жариялайтын ИПЦ «Русский раритет» баспаханасынан жарық көрген «Джамул Джабаев. Избранное» атты кітаптың кіріспе сөзінде.

Ақын өз заманының адамы ретінде оны шынайы түрде дәріптей білді. Жамбыл өлендері қазақ ауылындағы жаңа өмірдің бір бөлшегіне айналды. Шығармашылығына 75 жыл толуына орай халық ақыны әлемнің көптеген қайраткерлері тарапынан құттықтау жеделхаттарын алды. Солардың бірі – аса көрнекті француз жазушысы, Нобель сыйлығының иегері Р. Роллан мынадай сөздерді келтірді: «Батыс Альпі тауларының жүрегінен Жамбылға – қазақ халқының және бүкіл жаңа адамзаттың хабаршысына бауырластық сәлем жолдаймын». Дат жазушысы Мартин Андерсен Нексе де қазақ жыршысына деген ыстық ықыласын білдірді. Ол: «Сіз ең бақытты адамсыз. Сіздің қызғылықты әрі бай көшпелі өмір салтынан бастап жоғары деңгейдегі кеңестік мәдениетке дейінгі өмірді өткерген жүрегіңіз осы бір мәңгі жас, азат және бақытты елде мәңгі жасай берсін». 1938 жылы ақын Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Ленин орденімен

марапатталды. 1939 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. Қарт Жамбылдың дауысы Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде ерекше жаңа күшпен қарқынды естілді. Оның қоршаудағы Ленинградтың қорғаушыларына арналған жүрекжарды арнау сөзі – «Ленинградтық өрендерім!» соғыс жылдарындағы көпұлтты кеңестік поэзияның ең үздік туындыларының бірінен саналады.

Ақын шығармашылығы 1941 жылы ССРО Халық комиссариаты тарапынан II дәрежелі Сталиндік сыйлықпен бағаланды. Сұрапыл соғыс жылдары Жамбыл халықтың отаншылдық рухын көтеретін өлеңдер жазды. Ақын өлеңдері ССРО халықтарының, сондай-ақ, әлем халықтарының көптеген тілдерінде жарық көрді. Оның есімі бүкіл әлемге әйгілі болды.

Ол туралы күні бүгінге дейін мақалалар жазылуда, диссертациялар қорғалуда; оның өлеңдері бұрыннан бері оқулықтарға еніп келеді.

Өз кезеңінде Жамбыл туралы жазғандар қатарында М. Шолохов, П. Тычина, Н. Тихонов, К. Симонов, Р. Роллан, Мартин Андерсен Нексе, басқа да әдебиетшілер мен зерттеушілер болды. Замандастары ұлы ақынға адамзат баласының бауырластығы мен достығының өзгеге ұқсамайтын жаршысы болғандығы үшін құрмет көрсетті.

1946 жылдың 28 ақпанында М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана өздері шығарған «Мәнді, маңызды оқиғалар күнтізбесінде» Жамбылдың туғанына 100 жыл толуына орай ақын туралы ақпараттық материал жариялайды. Ол ақпараттың қорытындысы ретінде төмендегі сөздер жазылады: «...Қазақстанның ұлы ақыны Жамбылдың өлеңдері – кеңестік поэзиядағы керемет құбылыс, сталиндік ұлттық саясаттың, Кеңес Одағы халықтарының мызғымас достығының салтанат құруының жарқын куәсі».

Ұлықталуы

Өмір өзен ағымы қаншалықты тез, шапшаң болса да, бүкіл халықтың Жамбылға деген сүйіспеншілігі азаяр емес. Ақынның өзінің көзі тірі кезінде ССРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 жылғы 14 қазандағы жарлығымен Жамбыл облысы құрылған болатын. 1993 жылғы 4 мамырда ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен Джембул облысының орыс тіліндегі транскрипциясы Жамбыл облысы түрінде өзгертіліп, Джембул қаласы «Жамбыл» түрінде жазылатын болды. Ал 1997 жылдың 8 қаңтарынан бастап ҚР Президентінің жарлығымен Жамбыл қаласы Тараз қаласы аталатын болды.

1939 ж. Қастек ауданының атауы Джембул ауданына ауыстырылса, 1993 жылдың 4 мамырынан бастап Жамбыл ауданына (Алматы облысы) айналды. Жамбыл ауданында Жамбыл ауылы осы ауданның орталығы болып саналады. 1946 жылдың ақпан айында Қазақстан

жұртшылығы даңқты ақынның 100-жылдығын салтанатты түрде атап өтті. Ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілдерінде жарық көрді. Жоғарыда сөз болғандай, 1947 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Жамбыл ауылында, ақынның өзі соңғы жылдары тұрған үйде әдеби-мемориалдық музей ашылды.

1966 және 1970 жылдары Жамбыл Жаббаевқа арналып көркемделіп таңбаланған маркалы конверттер шығарылған болса, 1971 жылы ССРО мен Қазақстанның арнайы пошталық маркалары шығарылды. 2017 жылдың 15 қарашасында «Ұлы дала елі» тақырыбының аясында Жамбыл облысына арналған 2 маркадан тұратын пошталық топтама айналымға шығарылды. Осы топтамадағы маркалар мен купондарда аймақтың тарихи-мәдени, рухани мұрасын суреттейтін нысандар, сондай-ақ, Тараз қаласының орталық алаңында орналасқан Ж.Жаббаев ескерткіші бейнеленген.

1971 жылы селекционер Леонид Колесников «Джамбул» атауымен мамыргүлдің (ор. сирень) жаңа сортын шығарды. Мамыргүлдің бұл түрі ақ жиекті гүл күлтелері бар әлемдегі жалғыз сортқа айналды.

Жамбыл туралы: 1952 жылы «Жамбыл» көркемсуретті фильмі (режиссері Ефим Дзиган, «Қазақфильм»), 1994 жылы «Жамбыл: адамзаттың ұлы жыршысы» (режиссері Қалил Омаров, «Қазақтелефильм») атты деректі фильм түсірілді. 1996 ж. Ақынның 150-жылдық мерейтойына орай «Жамбылдың жастық шағы» атты фильм жасалды. 2016 жылдың ақпан айында «Қазақстан» ұлттық телеарнасы көрермендерге төрт бөліктен тұратын «Жамбыл» телесериалын ұсынды.

Өзбекстанның Наманган облысында Жамбыл ауылы бар. Жамбылдың аты берілген көшелер мен тұйық көшелер: Ресей федерациясында, Санкт-Петербург қаласындағы «Джамбул» тұйық көшесі (бұрынғы «Лештуков» тұйық көшесі), Липецкідегі

тұйық көше, Ижевскідегі көше мен тұйық көше, Волгоград, Иркутск, Кемерово, Курган, Нижний Новгород, Хабаровск, Ерасноярск қалаларындағы көшелер; Украинада: Киев, Енакиєво, Ужгород қалаларындағы көшелер және т.б.

Қазақстан Республикасы аумағында Жамбыл атындағы мектептер, колледждер, кітапханалар және мәдениет үйлері жұмыс жасауда. Жамбылдың аты бірқатар аудандар мен елді мекендерге, мекемелер мен оқу орындарына, өнер орталықтарына, Алматыдағы мемлекеттік филармонияға, Өскемендегі драмалық театрға берілген. Ақын атында жас жазушылар мен ақындарға арналған халықаралық сыйлық бар. 1946 жылы ақынның қабірі басында кесене салынды (архитекторы И.И. Белоцерковский, эскиздер авторы – Қазақстанның халық суретшісі Ә.Қастеев).

Ақынға қойылған ескерткіштер: Тараз, Алматы, Есік (Алматы облысы) қалаларында, Атырау

облысындағы Сафоновка ауылында, 2002 жылы Киев қаласындағы Нивки саябағында, Санкт-Петербург қаласында (Петербург қаласының 300-жылдығына Қазақстанның сыйлығы) орналасқан. Ақынның 170-жылдығына орай Сербияның астанасы Белград қаласында тағы бір ескерткіш бой көтерді.

Ақынның нақыл сөздері

Жаманның көңілі көкте, жерде басы,
Алыс қой аңғарғанға екі арасы.
Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі?

Жердің сөлін жер жуар,
Елдің кегін ер қуар.
Дауыл тұрса бұлт қуар,
Жердегі жауды жұрт қуар.

Жігерлі болса - ер болар.

Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар.

Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.

Елдің серті — ер серті.

Ақын ғаріп емес пе,
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе,
Әділеттен аттаса.

Ерден бағы жанбаған әйел ғаріп.

Жабы жүйрік болар ма - байлағанмен,
Жасық болат болар ма - қайрағанмен.

Кәрілік екі көзді қызартады,
Сүйектің етін сылып, ұзартады.

Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,
Батпандап тізе тұсқа тұз артады.

Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.

Ой-хой, дүние серуен,
Адам бір көшкен керуен.

Шешен кісі сөз бастар,
Адал кісі – ел бастар.

Ән — халық үні, оның шындығы, оның ойы мен
сезімі

Жаманға ұйқы – жолдас, тамыр – тамақ, Болмайды
көңілінде басқа талап.

***ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ***

1945

1. **Өлеңдер жинағы:** поэзия / Бас ред.:
И.Есенберлин. - Алматы: Каз. Мем. Коркем
Әдебиет Баспасы, 1945. - 431 бет.

1955

2. **Жабаев Ж.** Үш томдық шығармалар
жинағы: 1-том / Ж. Жабаев; Баспаға
әзірлеген: К.Б.Тұрғанбаев, Т.Сыдықов. -
Алматы, 1955. - 214 бет.
3. **Жабаев Ж.** Үш томдық шығармалар
жинағы: 2-том / Ж. Жабаев; Баспаға әзірл.:
М.Г.Гумарова, О.А.Нұрмағамбетова,
З.Сейтгапбарова. - Алматы, 1955. - 351 бет.
4. **Жабаев Ж.** Үш томдық шығармалар
жинағы: 3-том/ Ж. Жабаев; Баспаға әзірл.:
М.Г.Гумарова, О.А.Нурмагамбетова. -
Алматы, 1955. - 279 бет.

5. **Кенжебаев Б.** Жамбыл Жабаев: Қазақ халқының жыршысы(Қайтыс болуына 10 жыл толуына арналған) / Б. Кенжебаев. - [б. м.], 1955. - 31 б.

1956

6. **Исмаилов Е.** Ақындар: Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы монография/ Е. Исмаилов. - [б. м.]: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. - 340 б.

1958

7. **Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері/** Ред. алқа: М.О.Әуезов, С.М.Мұқанов, М.Б.Базарбаев және т. б. - Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының баспасы, 1958. - 511 бет.

1960

8. **Очерк истории казахской советской литературы:** сборник/ Ред.: З.С.Кедрина, Е.В.Лизунова. - М.: Академия наук СССР,

1960. - 687 с.

1963

9. **Сильченко М.С.** Казахская литература:
Учебник-хрестоматия / М. С. Сильченко. -
Алма-Ата : Казучпедгиз, 1963. - 184 с.

1965

10. **Пернедегі термелер:** Қазақ Совет халық
ақындарының шығармалары/ Бас ред.:
С.Мұқанов. - Алматы: Жазушы, 1965. - 396
бет.
11. **Өшпес даңқы ерлердің:** Жеңіс жырлары/
Құрастырған: Х.Ерғалиев. - Алматы:
Жазушы, 1965. - 168 бет.

1966

12. **Кенжебаев Б.** Шындық және шеберлік:
сборник / Б. Кенжебаев. - Алматы: Жазушы,
1966. - 264 бет.

1967

13. **Жабаев Ж.** Тандамалы шығармалар: к
изучению дисциплины/ Ж. Жабаев; Бас ред.

А.Шалабаева. - Алматы: Жазушы, 1967. -
320 бет.

1970

14. **Елін сақтап қалды ерлер:** қазақ ақындарының Ұлы Отан соғысы туралы жырлары. - [б. м.]: Жазушы, 1970. - 232 бет.

15. **Жабаев Ж.** Өлеңдер/ Ж. Жабаев. - [б. м.]: Жазушы, 1970.

1971

16. **Жабаев Ж.** Таңдамалылар: поэзия/ М.Етекбаев. - Алматы: Жазушы, 1971. - 312 бет.

17. **Жыр алыбы:** Жамбыл жайлы естеліктер/ Кураст.: К.Жумаділов. - Алматы: Жазушы, 1971. - 264 бет.

18. **Казахская литература в оценке зарубежной критики:** сборник/ Сост.: Ш.К.Сатпаева, А.О.Мусинов. - Алма-Ата: Наука, 1971. - 192 с.

19. **Қаратаев М.** Казак совет әдебиеті: Оқулық /

М. Қаратаев; М. Қаратаев, Т. Нұртазин, С. Кирабаев. - ізделіп, толықт. 2-ші басылуы. - Алматы: Мектеп, 1971. - 632 бет.

1972

20. Антология казахской советской поэзии:

сборник. В 2-х т. Т.1./ Сост.:

Ж.Омирбеков, С.Санбаев. - [б. м.] : Жазушы, 1972. - 424 с

1974

21. Қазақ Совет поэзиясы: VIII-X класс оқушыларына арналған 1 кітап/ Қ.Өмірғалиев. - Алматы: Мектеп, 1974. - 192 б.

1975

22. Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы:

Баяндамалар. Айтыстар. Зерттеулер.

Мақалалар. - [б. м.]: Ғылым, 1975. - 268 б.

23. Каратаев М. Свет русской культуры:

литературная критика/ М. Каратаев. - [б. м.]:

Казахстан, 1975. - 280 с.

1977

24. **Қазақ совет поэзиясының антологиясы: 2** томдық. 1-том/ Шығаруш.: Ә.Тәжібаев, К.Бекхожин, Ж.Молдағалиев және т. б. - Алматы: Жазушы, 1977. - 566 бет.

1982

25. **Жабаев Ж.** Екі томдық шығармалар жинағы: 2 том: Революцияға дейінгі шығармалары/ Ж. Жабаев. - [б. м.]: Жазушы, 1982. - 340 бет.

26. **Жабаев Ж.** Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том: Совет дәуіріндегі шығармалары/ Ж. Жабаев; Құраст.: С.Садырбаев, К.Сейдеханов. - Алматы: Жазушы, 1982. - 440 бет.: сур.

1985

27. **Сатпаева Ш.К.** Казахская литература: учебник для студентов филологических факультетов вузов казахстана/ Ш. К. Сатпаева, Х. А. Адибаев. - [б. м.]: Мектеп,

1985. - 278 с.

1987

28. **Дауылпаз жырлар:** Өлендер, поэмалар/
С. Дәуітов; Құраст. С. Дәуітов. - Алматы:
Жалын, 1987. - 456 бет.
29. **Джабаев Д.** Моя Родина: В 2-х т./ Джамбул
Джабаев. - Алма-Ата: Жазушы, 1987. - 224с.

1989

30. **Дастан - Ата:** Жамбыл Жабаев туралы
естеліктер / сост. Н. Төрөкүлов. - [б. м.]:
Жазушы, 1989. - 416 бет.
31. **Жамбыл Жабаев творчествосы:**
монография. - Алматы: Ғылым, 1989. - 272
бет.
32. **Төрөкүлов Н.** Жүз жасаған бәйтерек / Н.
Төрөкүлов. - [б. м.], 1989. - 236 бет

1990

33. **Жолдасбеков М.** Асыл арналар: әдеби
мақалалар/ М. Жолдасбеков. - [б. м.]:
Жазушы, 1990. - 352 бет.

1991

34. **Қазақ совет әдебиеті:** Орта мектептің 11-класына арналған оқулық 3-басылуы / С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Н. Ғабдуллин. - [б. м.]: "Рауан", 1991. - 328 б.

1993

35. **Белботаев А.** Казахский язык для начинающих. 1-книга. Казак тілі үйренушілерге көмек.: Учебное пособие / А. Белботаев. - Алматы: Казакстан, 1993. - 80 бет.

1996

36. **Джабаев Д.** Избранные произведения: поэзия / Д. Джабаев. - Алматы: Ғылым, 1996. - 416 с.
37. **Жамбыл-менің жай атым** (Жамбыл туралы естеліктер)/ құраст. Н. Төрекұлов. - [б. м.]: Санат, 1996. - 224 б.
38. **Сұртайұлы Т.** Абыз ақын: деректі хикаят / Т. Сұртайұлы. - Алматы: Ана тілі, 1996. -

208 бет.

39. **Ысмайлов Е.** Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. (Құрастр. Қ. Сейдеханов). / Е. Ысмайлов. - [б. м.] Санат, 1996. - 240 бет.

1997

40. **Берікұлы Н.** Қазақ тілі сабақтары: Оқулық / Н. Берікұлы, Ж. Ескарақызы. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 бет.

1998

41. **Амандықов Я.** Жамбыл өнер әлемінде / Я. Амандықов. - Алматы: Кайнар, 1998. - 176 бет.
42. **Байжан-Ата С.** Өткеннен - мұрағат, өркенге ұлағат: Зерттеулер, толғаулар, эсселер / С. Байжан-Ата. - Алматы: Казакстан, 1998.

2002

43. **Матиганов К.** Отцы "Драгоценных слов" / К. Матиганов. - Алматы: Аруна, 2002. - 11 с.

2004

44. **Қазақ әдебиетінің тарихы:** 7 том. Кенес дәуірі (1917-1940)/ Жалпы ред. бас. С.Қирабаев. - Алматы: КАЗакпарат, 2004. - 462 бет.

2005

45. **Иллюстрированная история Казахстана:** В 3-х томах. Том 3: Казахстан со второй половины XIX века до первой половины XX века/ Авт.-сост.: О.К.Жанайдаров. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. - 320 с.

2007

46. **Абдиманулы О.** Қазақ әдебиеті: Учебник для 11 классов общественно-гуманитарного направления общеоб. школ с русским языком обучения/ О. Абдиманулы, С. Дюсебаев. - Алматы: Мектеп, 2007. - 288 с.
47. **Көркемсуретті Қазақстан тарихы.** Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. 4 томдық. 3-ші том: Қазақстан XIX ғасырдың

екінші жартысынан XX ғасырдың бірінші жартысына дейін. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 320 бет.

48. **Қазақ әдебиеті.** Хрестоматия: Учебное пособие для 11 классов естественно-математического направления общеоб. школ с русским языком обучения/ Сост.: О.Абдиманулы, С.Дюсебаев. - Алматы: Мектеп, 2007. - 368 с.

2008

49. **Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы:** 10 томдық. 5 том. Қазақтың Ресейге бағыну кезіндегі тәлімдік ойлар және оқу-ағарту ісінің жайы / Құраст.: С.Қалиев, К.Аюбай. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2008. - 448 бет.

2010

50. **Жабаев Ж.** Избранные произведения / Ж. Жабаев; Пер. с каз. Сост.: С.А.Каскабасов. - Астана: Аударма, 2010. - 464 с.

2011

51. **Бердібай Р.** Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арн. оқулық/ Р.Бердібай, Р.Нурғали, Б. Ыбырайым. - онд.,толықт. 2-ші бас. - Алматы: Мектеп, 2011. - 320 бет.

2013

52. **Амандыкова С.Х.** Учебное пособие по казахской литературе для учащихся факультета подготовки со средним специальным образованием: учебное пособие/ С. Х. Амандыкова, Н. А. Адырбекова, М. Б. Кыркинбаева. - 2-е изд. - Алматы: Эверо, 2013. - 304 с.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз.....</i>	<i>5</i>
<i>Жамбыл Жабаеттың өмірі мен шығармашылығы.....</i>	<i>7</i>
<i>Ақынның отты жырлары.....</i>	<i>13</i>
<i>Ақынның еңбегі.....</i>	<i>14</i>
<i>Ұлықталуы.....</i>	<i>18</i>
<i>Ақынның нақыл сөздері.....</i>	<i>22</i>
<i>Жамбыл Жабаеттың еңбектерінің хронологиялық көрсеткітері.....</i>	<i>25</i>